

## Қаратал ауылдық округінің Бұғыбай ауылында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 22 мамырдағы N 5 шешімі

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 8 тармағына және Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8-тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Үржар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2015 жылғы 14 мамырдағы № 156 ұсынысы негізінде Қаратал ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қаратал ауылдық округінің Бұғыбай ауылында мүйізді ұсақ малдарының бруцеллез ауруынан сауығуына байланысты, шектеу-іс шаралары тоқтатылсын.

2. Күші жойылды деп есептелсін:

1) Қаратал ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 5 шешімі "Қаратал ауылдық округінің Бұғыбай ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылдың 01 тамыздағы № 3430, аудандық "Уақыт тынысы" газетінің 2014 жылғы 18 тамыздағы № 98-99 санында жарияланған).

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

*Қаратал ауылдық  
округінің әкімі*

*Қ. Ноғаяев*